

**Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшыларды шарттық негізде тарту туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 252 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2931. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 436-бабына сәйкес Бұйырамын: Қараңыз.К100296

1. Қоса беріліп отырған Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшыларды шарттық негізде тарту туралы нұсқаулық бекітілсін

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Кеден кірістер департаменті (Н.С.Жанарбаева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (М.К.Исаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің облыстар ( республикалық мәні бар қалалар, астана) бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі аумақтық бөлімшелері мен кедендерінің бастықтары осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары М.Е.Аманбаевқа жүктелсін

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

"Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем  
көрсету үшін мамандар мен

сарапшыларды шарттық негізде тарту  
туралы нұсқаулықты бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
т ө р а ғ а с ы н ы ң  
2004 жылғы 3 маусымдағы  
N 252 бұйрығымен бекітілген

**Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшыларды шарттық негізде тарту туралы нұсқаулық**

1. Осы Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшыларды шарттық негізде тарту туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 436-бабына сәйкес әзірленді және шартты негізде кедендік бақылау жүргізуге жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшылар (бұдан әрі - мамандар (сарапшылар) тарту мәселелерін нақтылайды. Қараңыз.К100296

2. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - Уәкілетті орган) мамандарды (сарапшыларды) тартуы, сондай-ақ кеден органдары мен мамандардың (сарапшылардың) өзара іс-қимыл жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен Уәкілетті орган жасаған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

3. Кедендік ресімдеуді жүргізуші кеден органы (бұдан әрі - кеден органы) Кеден кодексінің 436-бабының 2-тармағында көзделген талаптардың қамтамасыз етілуі шартымен мамандарға (сарапшыларға) тауарлар туралы олар зерттеулер жүргізу үшін қажетті ақпарат береді. Қараңыз.К100296

4. Маманмен (сарапшымен) өзара іс-қимыл жасау кезінде кеден органы:

1) жүк кеден декларациясы (бұдан әрі - ЖКД) тіркелгеннен және тіркеу нөмері берілгеннен кейін ЖКД және шот-фактура (инвойстың) түпнұсқаларының маманға (сарапшыға) уақытша берілуін;

2) құжаттамалық және нақты бақылаудың барлық кезеңдері жүргізілгеннен кейін және тауарларды шығару туралы шешім қабылданғанға дейін шығаруға дайындалған түпнұсқалық құжаттар пакетінің маманға (сарапшыға) уақытша б е р і л у і н ;

3) тауарларды еркін айналымға шығарғанға дейін оларды бірдейлендіру мақсатында тауарларды физикалық зерттеуге арналған жағдайларды қамтамасыз е т е д і .

5. Құжаттарды маманға (сарапшыға) беруді, сондай-ақ оларды маманнан (сарапшыдан) қабылдауды кеден органы және маман (сарапшы) осы Нұсқаулыққа

қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы тіркеу журналдарына қол қою арқылы жүзеге асырады.

Осы Нұсқаулықтың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды уақытша беру мерзімі 30 минуттан аспауы тиіс.

6. Сараптамалық зерттеуге ұшыраған тауарлар бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың төленуін қамтамасыз етуді кеден органы Кеден кодексінің 321-бабына сәйкес жүзеге асырады.

7. Кеден органына қарауға ұсынылатын маманның (сарапшының) алдыңғы бағалық ақпаратының, сондай-ақ актілері мен қорытындыларының (бұдан әрі - зерттеу нәтижелері) нысандары тараптардың келісімімен айқындалады.

8. Кеден органы маманның (сарапшының) зерттеулерінің барлық нәтижелерін қарауға қабылдайды, оларды қараудың нәтижелері туралы оны жазбаша нысанда хабард етеді.

9. Кеден органы маманның (сарапшының) зерттеулерінің нәтижелерін үш жұмыс күнінің ішінде қарайды және мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) зерттеу нәтижелерін толық көлемде қабылдау;

2) зерттеу нәтижелерін ішінара қабылдау;

3) зерттеу нәтижелерін толық көлемде қабылдамау.

Қазақстан Республикасының Кедендік  
бақылау агенттігі төрағасының  
2004 жылғы 3 маусымдағы  
N 252 бұйрығымен бекітілген  
Кедендік бақылау жүргізуге жәрдем  
көрсету үшін мамандар мен  
сарапшыларды шарттық негізде  
тарту туралы нұсқаулыққа қосымша

### Тәуелсіз сарапшыға берілген құжаттарды есепке алу журналы

рб	ЖКД	Құжат.	Парақтар	Даналар	Құжаттарды	Кеден органы
N	тізімде.	тардың	саны	саны	қабылдау	лауазымды
	сінің N	атауы			күні мен	адамының
					уақыты	Т.А.Ә., қолы

1	2		3		4		5		6		7
---	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---

к е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Маманның (сарапшының)  Т.А.Ә., қолы	Құжаттардың қайтарылған күні және уақыты		Кеден органы лауазымды адамының Т.А.Ә., қолы		Маманның (сарапшының)  Т.А.Ә., қолы	Ескерту
---	---	--	---	--	---	---------

---

8		9		10		11		12
---	--	---	--	----	--	----	--	----

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК